

## Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандығы № 124 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 2 наурызда № 13364 болып тіркелді.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 21-2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРДАМЫН:**

1. Коса беріліп отырған білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (С. Нюсупов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына" жіберуді;

3) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күн ішінде осы бүйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Т. Балықбаевқа жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі

A. Сәрінжіпов

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігінің  
2016 жылғы 2 ақпандығы  
№ 124 бүйрығымен  
бекітілген

**Ескерту. Өлшемшарттар жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 26.07.2021 № 366 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттараты (бұдан әрі – Өлшемшарттар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Занының 5-бабының 21-2) тармақшасына сәйкес білім беру ұйымдарының білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру кезінде пайдалану мақсатында әзірленген.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттараты – білім беру ұйымын бағалауды анықтау үшін қолданылатын, білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілермен бекітілген талаптардың жиынтығы;

2) бағалау өлшемшарттараты – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүргізуге негіз болатын белгілер мен нақты өлшеуіштер;

3) білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені;

4) кешенді тестілеу – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолданылып, бірнеше оқу пәндері бойынша бір мезгілде өткізілетін емтихан нысаны;

5) оқыту нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын менгеру бойынша алған, көрсететін білімнің, машиқтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қарым-қатынастар;

6) оқу бағдарламасы – әрбір оқу сабағы, әрбір оқу пәні және (немесе) модуль бойынша менгерілуге тиіс білімнің, машиқтың, дағды мен біліктіліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама;

7) оқу жоспары – тиісті білім беру деңгейінде білім алушылардың оқу сабактарының, оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің, кәсіптік практиканың, өзге де оқу қызметі түрлерінің тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбекті қажетсінуін) және бақылау нысандарын регламенттейтін құжат.

## **2-тaraу. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары**

3. Бағаланатын кезеңге қойылатын талаптар:

1) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес алдыңғы бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау (бұдан әрі – бармай профилактикалық бақылау) болып табылмайтын білім беру ұйымдарын жыл сайынғы бағалау оқу нәтижелеріне

бағалау жүргізбей өткізіледі, сонымен қатар білім алушылардың қорытынды аттестаттауын ескере отырып, бағаланатын кезең толық оқу жылы болып табылады;

2) бармай профилактикалық бақылау алдындағы білім беру ұйымдарына бағалау оқу нәтижелеріне бағалау қолдану арқылы өткізіледі, сонымен қатар бағаланатын кезең бұрын өткен төрт оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы осы бақылау басталғанға дейінгі бір ай болып табылады.

4. Оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары келесі нақты өлшеуіштерге сәйкес жүзеге асырылады:

1) оқыту нәтижелеріне бағалау жоғары оқу орнынан кейінгі докторантуралы қоспағанда, 4, 9, 11-сыныптардың және бітіруші курсардың білім алушылары арасында жүргізіледі;

2) білім беру ұйымында бітіруші сыныптар мен курсар болмаған жағдайда, оқыту нәтижелерін бағалау жоғары сынып және курс білім алушыларымен өткен оқу материалына сәйкес жүргізіледі;

3) оқыту нәтижелерін бағалау білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру саласындағы уәкілетті органмен айқындалған тестілеу мәселелері жөніндегі ұйым әзірлеген компьютерлік форматтағы кешенді тестілеу (бұдан әрі – компьютерлік тестілеу) технологиясы бойынша жүргізіледі;

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары тест тапсырмаларын білім беру бағдарламалары шенберінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) тиісті деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкес дербес әзірлейді және тестілерді өткізу нысанын (бұдан әрі – тестілік бақылау) таңдайды;

4) оқыту нәтижелерін бағалау кезінде білім алушыларға өз білімдері, іскерліктері мен дағдыларының деңгейін көрсету үшін бірыңғай жағдайлар мен тең мүмкіндіктер жасалады;

компьютерлік тестілеу және тестілік бақылау білім беру саласындағы уәкілетті органмен айқындалған бақылаушылардың қатысуымен жүзеге асырылады;

5) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқыту нәтижелерін бағалаудың орнына тәрбиеленушілердің оқу жылы ішіндегі жетістіктеріне мониторинг жүргізіледі (біліктер мен дағдылардың диагностикасы);

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарымен жүргізілген тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторинг деректерінің сәйкестігін айқындау үшін мектепалды жастағы

тәрбиеленушілердің ата-аналарына (занды өкілдеріне) сауалнама жүргізіледі, мектепалды жастағы топтар болмаған жағдайда сауалнама ересек жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарына (занды өкілдеріне) жүргізіледі;

6) компьютерлік тестілеу немесе тестілік бақылау немесе ата-аналармен (занды өкілдермен) сауалнама оқыту нәтижелерін бағалауға жататын белгілі бір білім деңгейі немесе мамандық (даярлау бағыты) бойынша контингенттің тізімдік құрамынан білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) кемінде 90 %-ы тестілеуге қатысқан кезде жүргізіледі (бітірушілердің жалпы саны 10 немесе одан аз білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) құрайтын білім беру үйымдары үшін – кемінде 80 %);

7) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарының білім алушылары үшін компьютерлік тестілеу кезіндегі бағалау шәкілі (пайыздық қатынаста) мынадай түрде айқындалады:

"өте жақсы" – 85-100 %;

"жақсы" – 65-84 %;

"қанағаттанарлық" – 40-64 %;

"қанағаттанарлықсыз" – дұрыс жауаптар емтихан материалындағы сұрақтар санынан 40 % -дан кем болғанда;

8) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарының білім алушылары үшін тестілік бақылау кезіндегі бағалау шәкілі (пайыздық қатынаста) мынадай түрде айқындалады:

"өте жақсы" – 90-100 %;

"жақсы" – 70-89 %;

"қанағаттанарлық" – 50-69 %;

"қанағаттанарлықсыз" – дұрыс жауаптар емтихан материалындағы сұрақтар санынан 50 %-дан кем болғанда;

9) компьютерлік тестілеу және тестілік бақылау нәтижелері төрт балдық жүйе бойынша бағаланады, сонымен қоса оқыту нәтижелерін бағалау қорытындылары бойынша апелляция рәсімі көзделмеген;

10) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдары үшін тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу нәтижелері (білік пен дағдылар диагностикасы) осы тармақтың 6) тармақшасында көрсетілген 50 %-дан кем емес респонденттердің МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған жағдайда МЖМБС талаптарына сәйкес деп есептеледі;

11) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдары үшін білім алушылардың дайындық деңгейін бағалау нәтижелері осы тармақтың 6) тармақшасында көрсетілген

контингенттің тізімдік құрамынан кемінде 40 %-дан кем емес білім алушылардың "қанағаттанарлық" деген бағадан төмен емес дұрыс жауап бергені білім беру үйымымен айқындалған жағдайда МЖМБС талаптарына сәйкес келеді деп есептеледі;

12) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдары үшін білім алушылардың дайындық деңгейін бағалау нәтижелері осы тармақтың б) тармақшасында көрсетілген контингенттің тізімдік құрамынан 50 %-дан кем емес білім алушылардың "қанағаттанарлық" деген бағадан төмен емес дұрыс жауап бергені білім беру үйымымен айқындалған жағдайда МЖМБС талаптарына сәйкес келеді деп есептеледі;

13) әскери және арнаулы оқу орындарында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдары үшін білім алушылардың дайындық деңгейін бағалау нәтижелері осы тармақтың б) тармақшасында көрсетілген контингенттің тізімдік құрамынан 70 %-дан кем емес білім алушылардың дұрыс жауап бергені білім беру үйымымен айқындалған жағдайда МЖМБС талаптарына сәйкес келеді деп есептеледі.

5. Әскери және арнаулы оқу орындарындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді қоспағанда, білім беру үйымдарын бағалау өлшемшарттарына "uzdik", "zhaqsy", "ortasha" бағаларының біріне сәйкес келетін өлшеуіштер қолданылады.

Бағалауға сәйкес келетін балл:

"uzdik" – 5;

"zhaqsy" – 4;

"ortasha" – 3.

6. Білім беру үйымдарын бағалау өлшемшарттарына өлшеуіштер, осы Өлшемшарттардың 1, 2, 3, 4, 5-көсімшаларына сәйкес қолданылады.

7. Білім беру үйымына баға жақын бүтіндікке дөңгелектеу арқылы өлшемшарттар бойынша бағалар сомасының орташа арифметикалық мәні ретінде қойылады.

**1-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарын бағалау өлшемшарттары**

8. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1) білім беру салаларының және үйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – МДТО ҮОЖ) сәйкестігі. Бағаланатын кезеңде әзірленген және білім беру үйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері қоса беріледі;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндеттін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бүйрекшімен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, соның ішінде:

оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;

қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру;

тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;

мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабактастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;

тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау;

креативтілікті, коммуникативтілікті, сынни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;

"Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт- дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша (бағаланатын кезеңде ұйымдастырылған оқу қызметінің (арнайы түзету оқу қызметі) бөлінуін растайтын құжаттардың, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспар, оның ішінде жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);

3) МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру (жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың жеке, тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериалдар, сондай-ақ жабдықтар мен жиһазға жүккүжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері қоса беріледі);

4) МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы (тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтер дипломдарының көшірмелері қоса беріледі);

5) жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклузивті білім беру талаптарын орындау (бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспары мен жеке бағдарламаңың көшірмелері қоса беріледі);

6) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы (мектепалды жасындағы тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелері, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілер жоспарларының (карталарының) көшірмелері қоса беріледі);

7) "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру (бағаланатын кезеңге перспективалық жоспар көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

8) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы (бағаланатын кезеңге мониторингтің көшірмесі қоса беріледі).

9. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

2) оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы.

10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар (осы Өлшемшарттардың 6 немесе 7-қосымшаларына сәйкес мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жүргізілген сауалнама нәтижелері қоса беріледі).

11. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша менгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағылар мен құзыреттіліктердің көлемін игеру (МДТО ҮОЖ әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бір бейне материалы қоса беріледі);

2) жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау (осы Өлшемшарттардың 8-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте, мониторингісінің (қорытынды) көшірмелері қоса беріледі).

12. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1) жас кезендерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау (осы Өлшемшарттардың 9-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдерінің көшірмелері қоса беріледі);

2) тәрбиеленушінің 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО ұлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

**2-параграф. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары**

13. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар:

1) білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі (бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);

2) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабактар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің ұлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабактар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі;

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша ұлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ ұлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

4) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді менгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі);

5) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дene тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабактан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабактан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңде қосымша сабактар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

6) білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың терендептілген және стандартты деңгейі);

7) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларының көшірмелері қоса беріледі);

8) ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру (бағаланатын кезеңге вариативтік компонент сабак кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

9) "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсын зерделеу;

10) "Жолда журу ережелері" міндетті оқу курсын іске асыру;

11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 11716 болып тіркелген) білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау. Біліктілік талаптарының сақталуы бойынша барлық растайтын құжаттары (жабдықта арналған жүккүжаттардың және/немесе бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі көшірмелері), осы Өлшемшарттардың 10, 11, 12, 13, 14, 17-көсімшаларына сәйкес толтырылған кестелер, оның ішінде жалпы білім беру ұйымы бойынша оқу және оқу-зертханалық жабдықтар мен жиһаздардың болуы жөніндегі бейне материалдар қоса беріледі.

14. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;

2) білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

3) сыныптарды, оның ішінде инклузивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

15. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер) (білім алушылардың қорытынды атtestatтау хаттамаларының, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ инвариантты компонентінің әрбір оқу пәні бойынша бір бейне материал қоса беріледі);

2) 2, 3, 4-сыныптар үшін оны орындау мүмкіндігін ескере отырып (астрономиялық сағаттарда) үй тапсырмасына қойылатын талаптарды сақтау;

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бүйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастыруышы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

4) МЖМБС талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклузивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау;

5) 4, 9, 11-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және МЖМБС бекіткен тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын менгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау (білім алушылардың білік және дағды, білім сапасын бағалау ведомостарының көшірмелері, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 15 және 16-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер қоса беріледі).

16. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1) тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

2) сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

**3-параграф. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары**

17. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мазмұнына қойылатын талаптар:

1) білім беру ұйымдарының жылдық жұмыс жоспарының болуы және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің міндеттеріне сәйкестігі:

тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шындауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

білім алушылармен кәсіби бағдарлау жұмысын қамтамасыз ету;

теориялық оқыту, өндірісте оқыту және еңбек нарығының қажеттіліктері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін оқыту жүйелерін дамыту;

кәсіптік білім берудің қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне уақытылы бейімделуіне ықпал ететін оқытуудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану;

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары мен өндірісті интеграциялау (бағаланатын кезеңдегі жылдық жоспарлардың көшірмелері қоса беріледі);

2) мыналардың:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазанды № 553 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларының (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16013 болып тіркелген);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 384 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11690 болып тіркелген);

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің МЖМБС (үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарлары болмаған жағдайда бір мамандық шеңберінде ұқсас біліктіліктер бойынша) негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің әзірленген оқу жұмыс бағдарламаларының (бұдан әрі – ТжКБ ОЖБ) болуы. Бағаланатын кезеңдегі ТжКБ ОБ көшірмелері қоса беріледі;

3) үлгілік оқу жоспары негізінде, ол болмаған жағдайда, техникалық және кәсіптік білім беру МЖБС-ның 1, 2 және 3-қосымшалары мен орта білімнен кейінгі білім берудің МЖМБС қосымшасында келтірілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің оқу жоспары модельдерінің, модульдік оқыту технологиясы кезіндегі оқу жоспарының немесе кредиттік оқыту технологиясы кезіндегі оқу жоспары моделінің негізінде оқу нысаны мен мерзімін көрсете отырып белгілі бір бейін, мамандық және біліктілік бойынша әзірленген оқу жұмыс жоспарларының болуы (бұдан әрі – ТжКБ ОЖЖ);

4) оқу бағдарламалары мен жоспарлары негізінде білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру (бағаланатын кезеңдегі оқу-тәрбие процесінің бекітілген кестелері мен теориялық және практикалық сабактар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі);

5) білім алушылардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдар үшін жеке оқу жоспарын және арнайы оқу бағдарламасын (бар болған жағдайда) іске асыру (бағаланатын кезеңдегі жеке оқу жоспарының және арнайы оқу бағдарламасының көшірмелері қоса беріледі);

6) техникалық және кәсіптік білім берудің МЖМБС 1-қосымшасына сәйкес білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарының (бар болған жағдайда) деңгейлері үшін техникалық және кәсіптік білім берудің оқу жоспарының моделі бойынша оқу процесін ұйымдастыру және іске асыру;

7) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6976 болып тіркелген) техникалық және кәсіптік білім берудің МЖБС-ның 2-қосымшасына және кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу

процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру және іске асыру (бар болған жағдайда). Жұмыс оқу жоспарлары мен мамандық бойынша элективті пәндер каталогы және (немесе) модульдері негізінде жасалған бағаланатын кезеңдегі жеке оқу жоспарларының көшірмелері қоса беріледі;

8) техникалық және кәсіптік білім берудің МЖМБС-на З-қосымшаға сәйкес модульдік оқыту технологиясы бойынша (болған жағдайда) оқу процесін ұйымдастыру және іске асыру;

9) орта білімнен кейінгі білім берудің МЖМБС қосымшасына сәйкес орта білімнен кейінгі білім берудің оқу жоспарының моделі бойынша оқу процесін ұйымдастыру және іске асыру;

10) зерделеудің реттілігін сақтау мен оқу пәндерін және (немесе) модульдерді интеграциялау, оқу уақытын олардың әрқайсысы бойынша курстар мен семестрлер бойынша бөлу;

11) жалпы білім беретін пәндер тізбесі мен көлемін көздейтін бейіндік оқытуды ескере отырып, білім беру мазмұнының кәсіптік бағдарлануын іске асыру;

12) топты кіші топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау;

13) факультативтік сабактар мен консультацияларды іске асыру;

14) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бүйрігімен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13395 болып тіркелген) МЖМБС талаптарына және кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларына және кәсіпорындарды (ұйымдарды) практика базасы ретінде айқындау қағидаларына сәйкес өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы жүзеге асыру және одан өту;

15) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бүйрігімен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды атtestаттау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес білім алушыларды бақылау, ағымдағы, аралық және қорытынды атtestаттау нысандарын жүргізу;

16) білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкес ұлттық құндылықтарды дарытуға, патриотизм мен азаматтықты қалыптастыруға, білім алушылардың жан-жакты мұddeлери мен қабілеттерін дамытуға бағытталған тәрбие компонентін іске асыру;

17) біліктілік талаптарын сақтау (біліктілік талаптарының сақталуы бойынша барлық растайтын құжаттары (жабдыққа арналған жүккүжаттардың және/немесе бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі көшірмелері), осы Өлшемшарттардың 10, 11, 12, 13, 14, 17, 19, 20-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер, сонымен қатар жалпы білім беру ұйымы, оның ішінде мамандықтар бойынша

оку және оқу-зертханалық жабдықтар мен жиһаздардың болуы жөніндегі бейне материалдар қоса беріледі).

18. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) МЖМБС белгіленген білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сақталуы және сәйкестігі;

2) МЖМБС талаптарына сәйкес күндізгі оқу нысаны кезіндегі міндетті апталық оқу жүктемесін сақтау;

3) ТжКБ ОЖЖ және МЖМБС талаптарына сәйкес оқу жылының ұзақтығын сақтау;

4) МЖМБС талаптарына сәйкес оқу уақытының көлемін сақтау.

19. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) білім беру деңгейіне сәйкес білім беру бағдарламаларының мазмұнымен, базалық және кәсіптік құзыреттіліктермен айқындалатын білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптарды сақтау (бағаланатын кезеңдегі білім алушыларды қорытынды аттестаттау хаттамаларының көшірмелері қоса беріледі);

2) бітіруші курсардағы білім алушылардың құзыреттілігіне қойылған талаптардың (базалық және кәсіби) оқу нәтижелерін бағалау немесе жалпы білім беретін пәндерді және (немесе) кәсіптік модульдерді немесе жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді менгеру деңгейін МЖМБС сәйкестігін бағалау (білім алушылардың білім сапасын, іскерлігін, дағдылары мен құзыреттерін бағалау ведомостарының көшірмелері, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 21 және 22-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер, қоса беріледі).

20. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар: МЖМБС талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын менгеру мерзімдерін сақтау.

**4-параграф. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын әскери және арнаулы оқу орындарында іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары**

21. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, жоғары білім беру мазмұнына қойылатын талаптар:

1) білім беру бағдарламалары негізінде әзірленген оқу жұмыс жоспарларының болуы (бағаланатын кезеңдегі білім беру бағдарламалары бойынша оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);

2) білім беру бағдарламаларының МЖМБС сәйкестігі (бағаланатын кезеңдегі бағыттар бойынша білім беру бағдарламаларының көшірмелері қоса беріледі);

3) білім беру бағдарламаларының пәндеріне сәйкес оқытушылардың болуы, оқытушылар білімнің оқытатын пәндер бейініне және/немесе "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесіне немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесіне немесе "философия докторы (PhD)" немесе

"бейіні бойынша доктор" дәрежесіне және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атағының (бар болған жағдайда) оқытатын пәндер бейініне сәйкестігі (педагог және оқытушы кадрлармен жасақталғаны туралы растайтын құжаттардың көшірмелері, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 10-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте қоса беріледі);

4) кадрларды даярлау бағыты бойынша оқытушылардың жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын Ұлттық біліктілік шенберінің 8-денгейіне сәйкес келетін мамандарды қоса алғандағы, оқытушылардың үлесі-кемінде 60 % болуы;

"Құқық" кадрларды даярлау бағыты бойынша лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын Ұлттық біліктілік шенберінің 8-денгейіне сәйкес келетін мамандарды қоса алғанда, оқытушылардың үлесі кадрларды даярлау бағыты бойынша оқытушылардың жалпы санының кемінде 70 %-ын құруы;

"Құқық" кадрларды даярлау бағыты бойынша оқытылатын пәндер бойынша кемінде 5 жыл практикалық жұмыс тәжірибесі бар оқытушылардың кадрларды даярлау бағыты бойынша оқытушылардың жалпы санынан үлесі кемінде – 60 % болуы (педагог және оқытушы кадрлармен жасақталғанын растайтын құжаттардың көшірмелері, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 10-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте қоса беріледі);

5) оқытушылардың жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын, "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атағы бар және/немесе әскери (арнайы) атағы подполковниктен төмен емес оқытушылардың жалпы санынан үлесі кемінде 40 % болуы (педагог және оқытушы кадрлармен жасақталғанын растайтын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 10-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте қоса беріледі);

6) білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы (осы Өлшемшарттардың 11-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте, сонымен қатар медициналық қызмет көрсетудің болуын растайтын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі);

7) білім алушылар үшін тамақтану обьектісінің болуы (санитариялық қағидаларға сәйкес келетін тамақтану обьектісінің болуын растайтын құжаттардың көшірмелері, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 12-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте қоса беріледі);

8) білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығындағы материалдық активтердің, оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17

ақпандары № 71 қаулысының 16 бабының 132-1) тармақшасына сәйкес бекітілген санитариялық қағидаларға (бұдан әрі – санитариялық қағидалар) және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 23 маусымдағы № 439 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15501 болып тіркелген) бекітілген өрт қауіпсіздігі талаптарына (бұдан әрі – өрт қауіпсіздігі талаптары) сәйкес келетін ауданымен оқу үй-жайларының болуы, сонымен қатар білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылауды қамтамасыз ету (Шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімді басқару құқығын растайтын құжаттардың немесе ғимаратты жалдау шартының және өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру нәтижелері туралы актінің хаттың көшірмелері, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 13-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте қоса беріледі);

"Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс" бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін криминалистік полигонның болуы;

9) оқу және ғылыми әдебиет кітапхана қорының болуы: соңғы он жыл ішінде кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламасы пәндерінің 100 %-ын қамтамасыз ететін, оның ішінде оқыту тілі бойынша басып шыгарылған баспа және электрондық басылымдар форматында;

"Құқық" бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін лицензияланатын халықаралық және ұлттық құқықтық ақпарат базаларына жазылудың болуы (оқу және ғылыми әдебиет қорының болуын растайтын құжаттардың көшірмелері, оның ішінде цифрлық тасымалдағыштарда, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 17 және 19-қосымшаларына сәйкес толтырылған кесте қоса беріледі);

10) оқытушылардың біліктілігін кемінде бес жылда бір рет арттыруды қамтамасыз ету; білім беру ұйымдарының басшылары үшін менеджмент саласында кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттыру (оқытылатын пәндердің бейініне сәйкес немесе оқыту әдістемесі бойынша біліктілікті арттырғанын растайтын құжаттардың көшірмелері, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 18-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте қоса беріледі);

11) 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі бар Ұлттық біліктілік шеңберінің 8-денгейіне сәйкес келетін тиісті бейін бойынша оқытушылардың және (немесе) мамандардың студенттердің диплом жұмыстарына (жобаларына) жетекшілік етуі (осы Өлшемшарттардың 23-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте қоса беріледі);

12) кадрларды даярлау бағыты бойынша бакалавриат түлектерінің жұмысқа орналасуы туралы мәліметтер, бұл ретте кадрлар даярлау бағыты бойынша бітірушілердің жалпы санынан бітірген жылы жұмысқа орналасқандардың үлесі – кемінде 50 %, оның ішінде кемінде үш ай үздіксіз еңбек қызметімен қамтамасыз етілгені – 50 % (жұмыс орнынан растайтын құжаттардың көшірмелері ұсынылады);

13) жалпы мұқтаж білім алушылар санынан басқа қаладан келген білім алушылардың көмінде 70 %-ының тұруы үшін (жатақханалар/хостелдер/қонақ үйлер) жағдай жасау;

14) білім беру қызметін МЖМБС талаптарына және білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асыру;

15) өндірісте практикан өту және жүзеге асыру;

16) білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттау нысандарын жүргізу.

22. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып магистратураның білім беру бағдарламалары мазмұнына қойылатын талаптар:

1) білім беру бағдарламалары негізінде әзірленген жұмыс оқу жоспарларының болуы (бағаланатын кезеңдегі білім беру бағдарламалары бойынша жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);

2) білім беру бағдарламаларының МЖМБС сәйкестігі (бағаланатын кезеңдегі бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларының көшірмелері қоса беріледі);

3) кемінде штаттағы төрт оқытуышыда:

кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша ғылым кандидаты және (немесе) ғылым докторы және (немесе) философия докторы (PhD) және (немесе) бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесінің және (немесе) философия докторы (PhD) академиялық дәрежесінің болуы;

сұратылып отырған "Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс" саласындағы кадрларды даярлау бағыты бойынша бір ғылым докторының немесе бір ғылым кандидатының немесе философия (PhD) докторының болуы (педагог және оқытуыш кадрлармен жасақталғанын растайтын құжаттардың көшірмелері, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 10-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте қоса беріледі);

4) оқытушылардың білім беру бағдарламасының пәндеріне сәйкес қамтамасыз етілуі, оқытушылар білімінің оқытулатын пәндердің бейініне және олардың ғылыми дәрежесіне және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атағына сәйкестігі (педагог және оқытуыш кадрлармен жасақталғанын растайтын құжаттардың көшірмелері, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 10-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте қоса беріледі);

5) оқытушылардың жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атағы және/немесе әскери (арнайы атағы, сыныптық шені) подполковниктен төмен емес оқытушылардың үлесі – кемінде 40 %-дан кем емес болуы (педагог және оқытушы

кадрлармен жасақталғанын растайтын құжаттардың көшірмелері, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 10-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте қоса беріледі);

6) білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы (медициналық қызмет көрсетудің болуын растайтын құжаттардың көшірмелері, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 11-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте қоса беріледі);

7) білім алушылар үшін тамақтану обьектісінің болуы (санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтану обьектісінің болуын растайтын құжаттардың көшірмелері, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 12-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте қоса беріледі);

8) білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін қажетті материалдық активтер, ғимараттардың (оқу корпустары) болуы: аудандары санитариялық қағидаларға және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін оқу жайларымен меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығы білім беру үйымдары үшін кемінде 5 % мемлекеттік органдардың немесе квазимемлекеттік үйымдардың қатысуымен (ғимаратты жүргізу немесе басқару не жалға алу құқығын растайтын құжаттардың, өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру нәтижелері туралы актінің көшірмелері, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 13-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте қоса беріледі);

9) білім беру үйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылауды қамтамасыз ету;

10) лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын, кадрларды даярлау бағыты бойынша кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, даярлау бейіні бойынша отандық басылымдардағы ғылыми жарияланымның, халықаралық конференциялардағы еңбектердің авторы болып табылатын ғылым докторы немесе ғылым кандидаты немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесі бар немесе әскери (арнайы атағы, сыныптық шені) атағы подполковниктен немесе судьядан немесе отставкадағы судьядан төмен емес оқытушының немесе ғылым саласына сәйкес келетін білікті маманның магистранттарда ғылыми жетекшілікті жүзеге асыруы (кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша ғылыми нұсқаулықты жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметті растайтын құжаттардың, ғылыми жарияланымдардың көшірмелері, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 20-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте қоса беріледі);

11) білім беру бағдарламасына сәйкес кадрларды даярлау бағыты бойынша мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименттік базамен қамтамасыз етілуі (осы Өлшемшарттардың 23-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте қоса беріледі);

12) білім беру қызметін МЖМБС талаптарына және білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асыру;

13) педагогикалық, өндірістік және зерттеуді жүргізу практикасын жүзеге асыру және одан өту;

14) білім алушылардың академиялық және қорытынды аттестаттау нысандарын жүргізу.

23. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнына қойылатын талаптар (докторантурасы):

1) білім беру бағдарламасының МЖМБС сәйкестігі (оқытудың толық кезеңіне әзірленген сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламасының, оқу жоспарының қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелері қоса беріледі);

2) "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "бейіні бойынша доктор" немесе "философия докторы (PhD)" дәрежесі және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атағы немесе әскери (арнайы) атағы подполковниктен төмен емес немесе әділет кеңесшісі кластық шенінен төмен емес, немесе судья немесе отставкадағы судья оқытушылардың үлесі 100 %-дан кем емес болуы (педагог және оқытушы кадрлармен жасақталғанын растайтын құжаттардың көшірмелері, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 10-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте қоса беріледі);

3) білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы (медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы, оның ішінде медициналық пункттің және медициналық қызметке лицензияның болуы туралы құжаттардың көшірмелері, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 11-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте қоса беріледі);

4) білім алушыларды тамақтандыру үшін жағдайлар жасау (санитариялық қағидаларға сәйкес келетін тамақтану объектісінің болуын растайтын құжаттардың көшірмелері, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 12-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте қоса беріледі);

